

<p>Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау, бекіту және қорғау туралы</p>	 <p>SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»КеАҚ</p>
<p>СМЖ ҰС02.2073-2021 23-тің 1 беті 1 Нұсқа</p>		

«Бекітілді»

Басқарма Төрағасының
9.12.2021ж.
№677-Н
бұйрығымен.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ҰЙЫМ СТАНДАРТЫ

**ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСТЫ (ЖОБАНЫ) ДАЙЫНДАУ, БЕКІТУ ЖӘНЕ
ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ**

СМЖҰС 02.2073-2021

Дана _____

Көшірме _____

НҰР-СҰЛТАН 2021

Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау, бекіту және қорғау туралы	 SEIFULLIN UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
СМЖ ҰС 02.2073-2021 23-тің 2 беті 1 Нұсқа		

АЛҒЫ СӨЗ

1 Академиялық мәселелер жөніндегі департамент-ӘЗІРЛЕГЕН
жұмыс тобының атауы (ЖТ)

2 Корпоративтік даму және стратегия департаменті -ЕНГІЗГЕН
құжаттың жобасын бекітуге ұсынған бөлімшенің атауы.

3 Басқарма Төрағасының
(құжатты бекітетін лауазымды тұлға) 9.12.2021ж. №677-Н бұйрығымен БЕКІТІЛДІ
ЖӘНЕ
(бекітуші ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттың атауы, күні және нөмірі)
ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

4 ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:

- АМД директоры – Сарбасова К.А.
ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, Т.А.Ә.

- АМД бас менеджері – Жусупова А.А.
ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, Т.А.Ә.

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ

2026 ж.
5 ЖЫЛ

Осы құжатты «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті»
КеАҚ Басқарма төрағасының рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығаруға,
көбейтуге және таратуға болмайды.

<p align="center">Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Дипломдық жұмысты (жобаны)дайындау,бекіту және қорғау туралы</p>	 <p align="center">SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p align="center">«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»КеАҚ</p>
<p align="center">СМЖ ҰС 02.2073-2021 23-тің 3 беті 1 Нұсқа</p>		

Содержание

1 Қолданусаласы	4
2 Нормативтісілтемелер	4
3 Белгілерменқысқартулар	5
4 Жауапкершілікжәнеөкілеттік	5
5 Осы Стандартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар	6
6 Дипломдық жұмыстардың (жобалардың)тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін бекіту тәртібі	6
7 Дипломдық жұмыстың (жобаның)тақырыбына қойылатын талаптар	7
8 Дипломдық жұмысты (жобаны)қорғауға ұсыну тәртібі	8
9 Дипломдық жұмысты (жобаны)қорғау тәртібі	11
10 Құқықтары, жауапкершілігі және міндеттері	13
11 Дипломдық жұмыстарды (жобаларды)сақтау тәртібі	13
12 Өзгерістер енгізу тәртібі	15
13 Сақтау және тарату	15
А Қосымшасы Дипломдық жұмысқа (жобаға)өтініш формасы	16
БҚосымшасы Дипломдық жұмыстар (жобалар) тақырыптарын және ғылыми жетекшілерді бекітуге ұсыну формасы	17
В Қосымшасы Процестің картасы - дипломдық жұмыстардың (жобалардың)тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін бекіту	18
Г Қосымшасы Дипломдық жұмыстарды (жобаларды) рецензенттерге ұсыну формасы	19
Д Қосымшасы Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі, оларды дәстүрлі бағалау шкаласы мен ECTS-ке ауыстыру	20
ЕҚосымшасыКелісу парағы	21
ЖҚосымшасыТанысу парағы	22
ЗҚосымшасыӨзгерістерді тіркеу парағы	23

<p align="center">Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау, бекіту және қорғау туралы</p>	 <p align="center">SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p align="center">«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ</p>
<p align="center">СМЖ ҰС 02.2073-2021 23-тің 4 беті 1 Нұсқа</p>		

1 Қолдану саласы

Ұйымның осы Стандарты «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (2018 жылғы 31 қазандағы № 604) сәйкес әзірленді және дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін бекіту, жоғары кәсіптік білім беруді даярлау бағыттарының мамандығы/білім беру бағдарламасының дипломдық жұмысын (жобасын) дайындау және қорғау тәртібін белгілейтін, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ (бұдан әрі – «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚ) жүзеге асыратын негізгі құжат болып табылады.

Осы Стандарт «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚСМЖ құжаттамасының құрамына кіреді және түлек шығарушы кафедралар үшін міндетті болып табылады.

Дипломдық жұмыс (жоба), егер бұл мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында, мамандықтың оқу жоспарында/білім беру бағдарламасында көзделген болса, теориялық оқытуды толық меңгергеннен кейін орындалатын бітіру жұмысының жазбаша қорытынды аттестаттау түрі болып табылады.

Дипломдық жұмысты (жобаны) орындаудың мақсаты:

1) білім беру бағдарламасы (мамандығы) бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды жүйелеу, бекіту және кеңейту және оларды нақты ғылыми, техникалық, экономикалық және өндірістік міндеттерді, сондай-ақ адам қызметінің әртүрлі салаларындағы міндеттерді шешуде қолдану;

2) өз бетінше жұмыс жүргізу дағдыларын дамыту және ғылыми зерттеу, эксперимент жүргізу кезінде туындайтын проблемалар мен мәселелерді шешу әдістемесін меңгеру;

3) қазіргі заманғы өндіріс, ғылым, техника, мәдениет жағдайларында білім алушылардың өзіндік жұмысқа даярлық деңгейін, сондай-ақ оның кәсіби құзыреттілік деңгейін айқындау.

2 Нормативті сілтемелер

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі;

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексі;

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;

<p>Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау, бекіту және қорғау туралы</p>	 <p>SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ</p>
<p>СМЖ ҰС 02.2073-2021 23-тің 5 беті 1 Нұсқа</p>		

«Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV Заңы;

«Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ 11.08.2021 жылғы №07/21 Жарғысы;

«Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы;

«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік Қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;

«Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы;

«Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы;

СМЖ ҰС 02.2007-2020 «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚ «Білім алушылардың білімін бақылау және қорытынды аттестаттауын өткізу»;

3 Белгілер мен қысқартулар

«С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚ – «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

СО – ұйым стандарты;

СМЖ – сапа менеджменті жүйесі;

ҚДСД – корпоративтік даму және стратегия департаменті;

СБӨ – сапа жөніндегі басшылықтың өкілі;

АК – аттестациялық комиссия;

ТК – Тіркеуші кеңсесі;

ДЖ (ДЖ) – дипломдық жұмыс (дипломдық жоба);

АМД – академиялық мәселелер жөніндегі департамент;

БРӘЖ – балдық-рейтингтік әріптік жүйе;

ҚА – қорытынды аттестаттау.

4 Жауапкершілік және өкілеттіктер

Ұйым стандартын әзірлеуге, оны келісуге, бекітуге, тіркеуге, қолданысқа енгізуге жауапкершілік пен өкілеттік келесідей бөлінеді:

– ҰС әзірлеуге жауапкершілікті, атап айтқанда оның мазмұны, құрылымы,

<p align="center">Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау, бекіту және қорғау туралы</p>	 <p align="center">SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p align="center">«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»КеАҚ</p>
<p align="center">СМЖ ҰС 02.2073-2021 23-тің 6 беті 1 Нұсқа</p>		

келісілуі үшін Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры алады(бұдан әрі- АМД), ресімдеу, бекіту және енгізу үшін КДСД жауапты болады.

–ҰС сапа жөніндегі басшылық өкілімен (бұдан әрі- СБӨ), академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорымен (бұдан әрі- АМД), құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директорымен және КДСД директорымен келісілуі тиіс және «Келісу парағында» (Е Қосымшасы) ресімделеді.

Бекітілген ҰС-ын бөлімшенің тиісті қызметкерлерінің назарына жеткізгені үшін бөлімше басшысы жауапты болады. Танысу туралы жазба «Танысу парағында» (Ж қосымшасы) ресімделеді.

5. Осы Стандартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы ҰС құжатында келесідей терминдер мен анықтамалар белгіленген:

- дипломдық жұмыс–білім алушылардың білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін өзекті мәселені өз бетінше зерделеу нәтижелерін жалпылау болып табылатын бітіру жұмысы;
- дипломдық жоба–жобалық тәсілдерді қолдана отырып және (немесе) бизнес-жобаларды, моделдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы жобаларды және басқа да жобаларды дайындау түрінде орындалған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттердің дербес шешімі болып табылатын білім алушының бітіру жұмысы.

6. Дипломдық жұмыстардың (жобалардың) тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін бекіту тәртібі

6.1 Дипломдық жұмыстардың (жобалардың) тақырыбын білім алушылар базалық пәндерді меңгергеннен кейін 3 курста эдвайзермен, жетекші оқытушылармен және түлек шығарушы кафедраның меңгерушісімен бірге анықтайды.

6.2 Дипломдық жұмыстардың (жобалардың) тақырыбын жұмыс берушілер мен университеттің қажеттіліктерін ескере отырып, мамандық бойынша жетекші оқытушылар және (немесе) осы білім беру бағдарламасы/тақырыбы бойынша зерттеу саласындағы білікті мамандар, бітіруші кафедралардың ғалымдары қалыптастырады.

6.3 Дипломдық жұмыстар (жобалар) тақырыптарының жалпы тізбесі жыл сайын кемінде 30% - ға жаңартылуы тиіс.

6.4 Дипломдық жұмыстар (жобалар) тақырыптарының тізбесі, оларды білім алушыларға бекіту, ғылыми жетекшілерді тағайындау бітіру курсының басында

Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау, бекіту және қорғау туралы	 SEIFULLIN UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»КеАҚ
СМЖ ҰС 02.2073-2021 23-тің 7 беті 1 Нұсқа		

(1 қарашаға дейін) жүзеге асырылады.

6.5 Білім алушылар дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбын және ғылыми жетекшіні бекітуге кафедра меңгерушісінің атына өтініш (А Қосымшасы) жазады, онда тақырып үш тілде көрсетіледі, сондай-ақ (кафедраның қалауы бойынша) басшының қолы қойылған дипломдық жұмыстың (жобаның) қысқаша сипаттамасы көрсетіледі.

6.6 Білім алушылардың өтініштері негізінде бітіруші кафедра дипломдық жұмыстар (жобалар) тақырыптарын және ғылыми жетекшілерді бекітуге ұсыныс жасайды (Б Қосымшасы).

6.7 Бітіртуші кафедрадан дипломдық жұмыстар (жобалар) тақырыптарын және ғылыми жетекшілерді бекітуге ұсынысты факультет Кеңесі қарайды және бекітеді. Дипломдық жұмыстардың (жобалардың) тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін бекіту - Процесінің картасы В қосымшасында көрсетілген.

Бітіруші кафедралардың меңгерушілерінің қызметтік жазбасы және факультет Кеңесінің шешімі негізінде тіркеуші кеңсесі (бұдан әрі-ТК) тиісті оқу жылының **1 желтоқсанынан кешіктірмей** бұйрық шығарады.

6.8 Дипломдық жұмыстарға (жобаларға) басшылық етуді кемінде 10 жыл жұмыс өтілі бар кадрларды даярлау бағытының бейіні бойынша еңбек қызметін жүзеге асыратын тиісті бейіндегі оқытушылар және (немесе) мамандар жүзеге асырады

Бір басшыға 5-тен көп емес түлек, кейбір жағдайларда бір профессорға, тәжірибелі оқытушыға 8-ге дейін түлек тағайындалады.

6.9 Дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы қажет болған жағдайда дипломалды практиканы аяқтау бойынша бітіртуші кафедраның ұсынысы бойынша өзгертілуі, нақтылануы, түзетілуі мүмкін.

6.10 Бұйрыққа өзгерістер білім алушыдан өтініш негізінде қорғаудың болжамды күніне дейін 1 (бір) айдан кешіктірілмей енгізіледі. Тақырыпты өзгерту ғылыми жетекшімен келісіледі, кафедра отырысында қаралады және факультет Кеңесінің қарауына және бекітуіне ұсынылады.

6.11 Түлек шығарушы кафедралардың меңгерушілерінің қызметтік жазбаларының негізінде және ТК АМД академиялық сапа бойынша факультет Кеңесінің шешімдеріне бұйрыққа өзгерістер енгізіледі.

7. Дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбына қойылатын талаптар

7.1 Дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы өзекті болуы, ғылымның, бизнестің, техника мен мәдениеттің қазіргі жағдайы мен даму перспективаларына сәйкес келуі, өзінің мазмұны бойынша кейбір талаптарға жауап беруі тиіс:

Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау, бекіту және қорғау туралы	 SEIFULLIN UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»КеАҚ
СМЖ ҰС 02.2073-2021 23-тің 8 беті 1 Нұсқа		

- ғалымдар, талдаушылар, практиктер жүргізген зерттеулердің, жобалық шешімдерінің нәтижелерін жалпылау: инженерлер, конструкторлар, менеджерлер, экономистермен;

- зерттелетін объект бойынша ғылыми негізделген теориялық қорытындыларды қамту;

- пайдаланылуы нақты міндетті шешуді қамтамасыз ететін ғылыми негізделген нәтижелерді қамту.

7.2 Білім алушыға бекітілген тақырыптан дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбын, оның ішінде практика қолдану үшін оны әзірлеудің орындылығын қажетті негіздеумен өз тақырыбын ұсыну құқығын таңдау құқығы беріледі. Бұл ретте дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы білім беру бағдарламасына кіретін бір немесе бірнеше кәсіби модулдердің мазмұнына сәйкес келуі тиіс.

7.3 Дипломдық жұмыстар мен жобалардың тақырыптары әрбір білім алушы үшін жеке болуы тиіс, екі білім алушының бір тақырыпты таңдауына жол берілмейді. Зерттеу нысандары әртүрлі болған жағдайда ғана тақырыпты тұжырымдау бірдей болуы мүмкін.

7.4 Дипломдық жұмыстардың (жобалардың) тақырыптары мамандыққа/білім беру бағдарламасына және мамандарды даярлау бейініне сәйкес келуі тиіс.

7.5 Дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы білім алушының жақын ортасында (кафедрада, факультетте, өндірістік немесе дипломалды практикадан өту орны бойынша кәсіпорында және т.б.) кеңес алу мүмкіндігін бере отырып, нақты тұжырымдалуы және басшының бейініне сәйкес келуі тиіс.

8. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға ұсыну тәртібі

8.1 Дипломдық жұмыстарды (жобаларды) қорғау Кестесі академиялық күнтізбе (оқу процесінің кестесі) шеңберінде түлек шығарушы кафедраның ұсынысы бойынша белгіленеді, факультет Кеңесінде бекітіледі және аттестаттау комиссиясының жұмысы басталғанға дейін **бір айдан кешіктірілмей** білім алушылардың назарына жеткізіледі.

Білім алушы ДЖ (ДЖ) қорғау кестесін бекіткеннен кейін ДЖ (ДЖ) қорғау мерзімін ауыстыруға құқылы емес.

8.2 Дипломдық жұмыс (жоба) жария қорғаудың белгіленген күніне дейін алдын-ала қорғау процедурасынан өту үшін түлек шығарушы кафедраға ұсынылады.

8.3 Дипломдық жұмысты (жобаны) алдын ала қорғау рәсімі білім алушылардың қатысуымен және міндетті түрде ғылыми жетекшінің және қажет болған жағдайда ғылыми кеңесшілердің (егер бар болса) қатысуымен кафедраның ашық отырысында өткізіледі.

Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау, бекіту және қорғау туралы	 SEIFULLIN UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»КеАҚ
СМЖ ҰС 02.2073-2021 23-тің 9 беті 1 Нұсқа		

Алдын ала қорғау нәтижелері кафедра отырысының хаттамасымен ресімделеді.

8.4 Алдын ала қорғаудан өтпеген дипломдық жұмыс (жоба) қорғауға жіберілмейді.

8.5 Алдын ала қорғаудан сәтті өткен және белгіленген талаптарға сәйкес ресімделген дипломдық жұмысқа (жобаға) білім алушы, ғылыми кеңесшілер (егер бар болса) қол қояды және ғылыми жетекшіге ұсынылады.

8.6 Ғылыми жетекші білім алушының дипломдық жұмысы (жобасы) мазмұнының берілген тапсырмаға сәйкестігіне тексеру жүргізеді.

Дипломдық жұмысқа(жобаға) арналған тапсырманы жетекші әзірлейді және білім алушыға дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы бекітілгеннен кейін 1 (бір) апта ішінде беріледі.

Білім алушылар дипломдық жұмысты (жобаны) жұмысты ЖОО-ның плагиатқа қарсы «Антиплагиат Вуз» жүйесіне басқа тілден аударылған мәтінді пайдалануды қоса алғанда, өзге автордың жұмысынан сөздер мен ұғымдардың мағынасын өзгертпей синонимдермен ауыстырып (парафраз) алынған материалдың бар-жоғын және мәтінді пайдалану тұрғысынан (бұдан әрі– өзгенікін пайдалану) тексеру үшін жүктейді.

8.7 Дипломдық жұмысты (жобаны) Плагиатқа қарсы Антиплагиат. ВУЗ жүйеде өзгенің жұмысын пайдалану мәніне тексеруден өту үшін шекті мән -50 %.

Дипломдық жұмыстың (жобаның) қосымшадан басқа барлық құрылымдық элементтері өзгенің жұмысын пайдалану мәніне тексерілуге жатады.

8.7.1 Дипломдық жұмысты (жобаны) "Платонус" ААЖ-ға уақтылы жүктемеу (автоматты түрде айқындалады), сапасыз орындау (ғылыми жетекші айқындайды), бітіру жұмысын дұрыс ресімдемеу (нормоконтролер айқындайды), өзгенің жұмысын заңсыз пайдалану және белгіленген талаптардың басқа да бұзылуы қорытынды аттестаттауға жіберілмеуге әкеп соғады.

Дипломдық жұмыс (жоба) "Өзгенің жұмысын пайдалану мәніне жазбаша жұмыстарды тексеру туралы" Ережеге сәйкес плагиатқа тексеруден өтеді СМЖ ӨЖПМЖЖТЕ 02.2063 – 2022

8.8 Плагиатқа тексерістен өткеннен кейін дипломдық жұмыстың (жобаның) тексеру нәтижесі ғылыми жетекшіге келіп түседі.

Ғылыми жетекші дипломдық жұмысқа (жобаға) жазбаша пікір жазады.

Дипломдық жұмыс (жоба) мақұлданған жағдайда ғылыми жетекші кафедра меңгерушісіне ДЖ (ДЖ) қорғауға ұсынғым туралы пікір ұсынады.

Дипломдық жұмыс (жоба) мақұлданбаған жағдайда ғылыми жетекші пікір ұсынады, онда дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға ұсынбау туралы өз шешімін негіздейді.

Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау, бекіту және қорғау туралы	 SEIFULLIN UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»КеАҚ
СМЖ ҰС 02.2073-2021 23-тің 10 беті 1 Нұсқа		

8.9 Бұл жағдай білім алушы мен ғылыми жетекшінің міндетті қатысуымен кафедра отырысында қаралады. Кафедра отырысы дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға жіберу (немесе жібермеу) туралы түпкілікті шешім қабылдайды.

8.10 Білім алушылардың дипломдық жұмысын (жобасын) қорғауға рұқсат беру - түлек шығарушы кафедраның меңгерушісі қол қойған дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға ұсыну туралы кафедра отырысы шешімінің көшірмесі негізінде дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау басталғанға дейін білім алушылардың тізімі бойынша факультет деканының өкімімен ресімделеді.

8.11 Дипломдық жұмыстың (жобаның) сыртқы рецензенттердің рецензиялауынан өту процесі міндетті болып табылады. Кафедра меңгерушілері білім алушылардың өз жұмыстарын рецензиялауға уақтылы ұсынуына, сыртқы рецензенттердің дипломдық жұмыстарды (жобаларды) сапалы тексеруіне және рецензияларды түлек шығарушы кафедраға уақтылы ұсынуына бақылау жүргізеді.

8.12 Рецензенттер құрамын кафедра меңгерушісі таңдайды. Түлек шығарушы кафедра меңгерушісінің ұсынысы бойынша тек сыртқы өндіріс мамандары мен ғылыми ұйымдардың ішінен рецензенттер құрамын жұмыс орнын, атқаратын лауазымын және білімін көрсете отырып, факультеттің Ғылыми Кеңесі бекітеді. Түлек шығарушы кафедра меңгерушісінің қызметтік жазбасының негізінде және АМД ТК факультет Кеңесінің шешімімен 1 ақпаннан кешіктірмей бұйрық шығарады. Рецензенттерге ұсыну үлгісі Г Қосымшасында көрсетілген.

8.13 Рецензенттердің қорғалатын дипломдық жұмыстың (жобаның) бейініне сәйкес келетін базалық жоғары білімі және/немесе ғылыми немесе академиялық дәрежесі, ғылыми атағы болуы тиіс. Рецензенттер ретінде басқа жоғары оқу орындарының профессорлары, доценттері мен оқытушылары да тартылуы мүмкін.

8.14 Рецензияда Д Қосымшасына сәйкес баллдық-рейтингтік әріптік жүйе (бұдан әрі - БРӘЖ) бойынша баға және тиісті академиялық дәрежені беру және/немесе біліктілікті беру мүмкіндігі көрсетілген дәлелді қорытынды беріледі.

8.15 Білім алушы ғылыми жетекшінің оң пікірі және бір сыртқы рецензиясы болған жағдайда дипломдық жұмысты (жобаны) қорғайды.

8.16 Төменде көрсетілген барлық құжаттар аттестаттау комиссиясына дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауды бастағанға дейін (дипломдық жұмысты (жобаны) офлайн және онлайн режимде қорғауды ұйымдастыру кезінде) электронды форматта ұсынылады:

- 1) білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберуге өкім;
- 2) дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісінің «Антиплагиат Вуз» жүйесінде плагиатқа дипломдық жұмысты (жобаны) тексеруден өткені туралы анықтама;
- 3) ғылыми жетекшінің оң пікірі;

Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау, бекіту және қорғау туралы	 SEIFULLIN UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
СМЖ ҰС 02.2073-2021 23-тің 11 беті 1 Нұсқа		

4) сыртқы маманның рецензиясы;

5) түлек шығарушы кафедраның жария қорғауға жіберу туралы жазбаша қорытындысы (кафедра отырысы хаттамасынан үзінді).

8.17 Дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыруға, өткізуге және ресімдеуге қойылатын талаптарды әрбір кафедра дербес белгілейді және «Дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыруға, өткізуге және ресімдеуге қойылатын жалпы талаптар (СМЖ ӘН 02.2012-2021)» Әдістемелік нұсқаулығына сәйкес кәсіптік жоғары білім беру бағыттарының білім беру бағдарламасының/білім беру бағдарламалары тобының ерекшелігін ескере отырып, әдістемелік нұсқаулық ретінде әзірленеді. Дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыруға, өткізуге және ресімдеуге қойылатын талаптар бойынша әдістемелік нұсқаулар факультет Кеңесінде бекітіледі.

9 Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау тәртібі

9.1 Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау тәртібі «Білім алушылардың білімін бақылау және қорытынды аттестаттауды өткізу» СМЖ ҰС 02.2079-2022 «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚ ұйым стандартына сәйкес анықталады.

9.2 Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау аттестаттау комиссиясының ашық отырысында оның кемінде 2/3 мүшесінің қатысуымен және міндетті түрде төрағаның, білім алушылардың, түлек шығарушы кафедра оқытушыларының қатысуымен веб-конференция платформасын қолдана отырып (қажет болған жағдайда) өткізіледі.

Қорғауға сондай-ақ ғылыми жетекші, базасында дипломдық зерттеу (жобалау) жүргізілген ұйымның өкілдері, рецензенттер және басқа да мүдделі тұлғалар шақырылуы мүмкін.

9.3 Бір қорғаудың ұзақтығы 30 минуттан аспауы тиіс. Білім алушының аттестаттау комиссиясы мен қатысушылар алдында баяндамамен сөз сөйлеуі 15 минуттан аспауы керек.

9.4 ҚБТ қолданумен дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауды ұйымдастыру аттестаттау комиссиясының ашық отырысында оның кемінде 2/3 мүшесінің және міндетті түрде төрағаның қатысуымен он-лайн режимде веб-конференцияларды (ZOOM, CISCO WEBEX және т.б.) пайдалана отырып өткізіледі. Бір қорғаудың ұзақтығы 20 минуттан аспауы тиіс.

9.5 Білім алушының қалауы бойынша дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау қазақ және (немесе) орыс тілдерінде жүргізілуі мүмкін. Білім алушы-диплом алушы кафедраның ұсынысы бойынша дипломдық жұмыстың (жобаның) қысқаша мазмұнын шет тілдерінің бірінде қосымша ұсына алады, ол қорғауда жарияланады және осы тілдегі сұрақтармен сүйемелденуі мүмкін.

Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау, бекіту және қорғау туралы	 SEIFULLIN UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»КеАК
СМЖ ҰС 02.2073-2021 23-тің 12 беті 1 Нұсқа		

9.6 Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау қазіргі заманғы техникалық құралдар мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы жетістіктер базасында мультимедиялық презентациялар түрінде электрондық ресурстарды немесе басқа да көрсетілім құралдарын пайдалануарқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

9.7 Дипломдық жұмысты (жобаны) талқылауға барлық қатысушылар сұрақтар түрінде немесе сөз алып, негізінен дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау тілінде қатыса алады.

9.8 Талқылаудан кейін комиссия хатшысы пікірді (ғылыми жетекші қатысқан жағдайда, ол өзі сөз алады) және рецензияны (рецензент болған жағдайда, ол өзі сөз алады) оқиды. Пікірде және (немесе) рецензияда ескертулер болған кезде білім алушы олардың мәні бойынша дәлелді түсініктеме беруі тиіс.

9.9 Барлық білім алушылардың жария қорғауы аяқталғаннан кейін комиссия мүшелері аттестаттау комиссиясының жабық отырысында дипломдық жұмыстарды (жобаларды) қорғау нәтижелерін талқылайды. Дипломдық жұмыс (жоба) бойынша баға балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша қойылады, АҚ мүшелерінің орташа арифметикалық бағасы, ғылыми жетекшінің бағасы, рецензенттің бағасы шығарылады және білім алушы-диплом алушының теориялық, ғылыми және практикалық даярлық деңгейі, дипломдық жұмыстың (жобаның) мәтіндік бөлігінің мазмұны мен ресімделуі назарға алынады.

9.10 «FX» «қанағаттанарлықсыз» деген баға алғандарға дипломдық жұмысты (жобаны) қайта қорғауға қорытынды аттестаттаудың осы кезеңінде рұқсат етілмейді.

Диплом жұмысында (жобасын) алған оң бағаны көтеру мақсатында қайта қорғауға жол берілмейді.

9.11 ҚОТ қолдану арқылы дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау кезінде хатшы дипломдық жұмысты (жобаны) қорғаудың аттестаттау комиссиясы отырысының бейнежазбасын жүргізеді. АҚ отырысы аяқталғаннан кейін қорғаудан өту үшін барлық ілеспе құжаттармен бірге бейнежазба қорытынды аттестаттау бойынша құжаттарды сақтау үшін мұрағатқа беріледі.

9.12 Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау нәтижелері әрбір студент бойынша АҚ отырысының хаттамасымен ресімделеді және қорғау өткізілген күні жарияланады.

9.13 Аттестаттау комиссиясының шешімі апелляцияға жатпайды.

10. Дипломдық жұмыстарды (жобаларды) сақтау тәртібі

10.1 Дипломдық жұмыстың (жобаның) электрондық нұсқасын барлық ілеспе құжаттармен бірге қорғағаннан кейін түлек шығарушы кафедраның АҚ

Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау, бекіту және қорғау туралы	 SEIFULLIN UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»КеАҚ
СМЖ ҰС 02.2073-2021 23-тің 13 беті 1 Нұсқа		

хатшылары кафедра меңгерушісі бекітетін тізімдеме бойынша ЖОО мұрағатына береді және ЖОО мұрағатында 5 жыл сақталады.

10.2 Оқу-әдістемелік көмек көрсету, конкурса қатысу, өндіріске енгізу үшін Басқарма төрағасының Академиялық қызмет жөніндегі орынбасары-ректордың рұқсатымен дипломдық жұмыстың (жобаның) электрондық нұсқасы мүдделі Тарапқа берілуі мүмкін.

11. Құқықтары, жауапкершілігі және міндеттері

11.1 Кафедра меңгерушісі жауапты:

- дипломдық жұмыстар (жобалар) тақырыптарының тізбесін жыл сайын жаңартып отырғаны үшін;
- дипломдық жұмыстар (жобалар) тақырыптарын және ғылыми жетекшілерді факультет Кеңесінің отырысында қарау үшін диплом алушы-студенттерге бекітуге ұсынымдар жасауға;
- дипломдық жұмыстардың (жобалардың) тақырыптарын уақтылы бекітуге, ғылыми жетекшілерді, рецензенттерді тағайындауға;
- дипломдық жұмыстарды (жобаларды) қорғау кестесін жасағаны үшін;
- дипломдық жұмыстарды (жобаларды) алдын ала қорғау және қорғау процесін ұйымдастырғаны үшін;
- ЖОО мұрағатына барлық ілеспе құжаттармен бірге дипломдық жұмыстың (жобаның) электрондық нұсқасын АҚ хатшысына уақтылы бергені үшін.

Кафедра меңгерушісінің:

- ғылыми жетекшімен келісу кезінде білім алушыны қорғауға жіберу/жібермеу туралы мәселені кафедраның қарауына шығаруға;
- білім алушының өтініші бойынша тақырыпты өзгертуге және ғылыми жетекшіге объективті себептер бойынша бастамашылық жасауға;
- дипломдық жұмыстарды (жобаларды) рецензиялау процесін ұйымдастыру және бақылауға құқығы бар.

11.2 Дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісі:

- дипломдық жұмысты (жобаны) орындау үшін білім алушыға тапсырма береді;
- білім алушыға дипломдық жұмысты (жобаны) орындаудың барлық кезеңіне жұмыстың күнтізбелік кестесін әзірлеуге көмек көрсетеді;
- білім алушыға қажетті негізгі әдебиетті, университет сайтында қолжетімді электрондық деректер базасын, анықтамалық және мұрағаттық материалдарды, үлгілік жобаларды және тақырып бойынша басқа да дереккөздерді ұсынады;

<p align="center">Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау, бекіту және қорғау туралы</p>	 <p align="center">SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p align="center">«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»КеАҚ</p>
<p align="center">СМЖ ҰС 02.2073-2021 23-тің 14 беті 1 Нұсқа</p>		

- кеңес беру кестесін белгілейді, оны өткізу кезінде білім алушының дипломдық жұмысты орындаудың күнтізбелік кестесін сақтауына ағымдағы бақылауды жүзеге асырады;

- дипломдық жұмыстың (жобаның) барлық бөлімдерінің көлемін белгілейді және диплом алушы мен кеңесшілердің жұмысын үйлестіреді (қажет болған жағдайда);

- «Антиплагиат Вуз» жүйесіне диплом жұмысының алдын ала баллын және плагиаттың бар-жоғын тексеру нәтижесін көрсете отырып, оларды автоматты түрде тексеру үшін білім алушының дипломдық жұмысының (жобасының) жүктелуін бақылайды;

- жария қорғаудың белгіленген күніне дейін дипломдық жұмысқа (жобаға) пікір ұсынады.

11.3 Білім алушы.

Білім алушының құқығы бар:

- ғылыми жетекшіні таңдау, ғылыми жетекшімен дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбын анықтау және келісуге;

- ҚА мерзімдері шегінде қорғау кестесі бекітілгенге дейін дипломдық жұмысты (жобаны) қорғаудың уақытын таңдауға.

- егер бірінші тексеруден кейін дипломдық жұмыс (жоба) түпнұсқалық шекті мәннен төмен болған жағдайда, Апелляциялық комиссияға хабарласыңыз.

Білім алушы міндетті:

- әдістемелік нұсқаулардың талаптарына сәйкес дипломдық жұмыстың (жобаның) барлық бөлімдерін сапалы және уақтылы орындауға;

- белгіленген мерзімде дипломдық жұмысты (жобаны) орындау бойынша ғылыми жетекшіге тұрақты есеп беруге.

Білім алушы жауапты:

- дипломдық жұмыста (жобада) қабылданған шешімдер үшін және ұсынылған деректердің дұрыстығы үшін;

- дипломдық жұмысты (жобаны) уақтылы және сапалы орындағаны үшін.

11.4 Академиялық сапа бойынша факультет Кеңесі:

- кафедра меңгерушісінің қызметтік жазбасы негізінде дипломдық жұмыс (жоба) тақырыптарының өзгеруін қарайды және бекітеді және бұйрыққа өзгерістер енгізу үшін АМД ТК-не жолдайды;

11.5 Факультет Кеңесі:

- дипломдық жұмыстардың (жобалардың) тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін, рецензенттерді бекітеді;

- дипломдық жұмыстарды (жобаларды) қорғау кестесін бекітеді;

- дипломдық жұмыстың (жобаның) бірегейлік пайызын бекітеді;

<p align="center">Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау, бекіту және қорғау туралы</p>	 <p align="center">SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p align="center">«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»КеАҚ</p>
<p align="center">СМЖ ҰС 02.2073-2021 23-тің 15 беті 1 Нұсқа</p>		

- дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыруға, өткізуге және ресімдеуге қойылатын талаптар бойынша әдістемелік нұсқауларды бекітеді.

12 Өзгерістер енгізу тәртібі

12.1 Ережеге өзгерістер енгізу тек СБӨ рұқсаты бойынша ғана жүргізіледі және міндетті түрде оның (олардың) қолы қойылған құжатпен ресімделеді. Ереженің өзгертілген нұсқасынан алынған парақтар өзгерістер енгізуге рұқсат беру туралы құжатпен бірге сақталады.

12.2 КДСД-не сақтауға тапсырылған ережеге өзгерістер енгізу 01.1006-2020 СМЖ ҚР талаптарына сәйкес жүргізіледі.

12.3 Ережеге өзгерістерді «Өзгерістерді тіркеу парағына» (3 Қосымшасы) міндетті түрде белгі қоя отырып, КДСД енгізеді.

13 Сақтау және тарату

13.1 Бекітілген СМЖ ҰС-ын (түпнұсқасын) КДСД-не сақтауға бергені үшін бөлімше басшысы жауапты болады.

13.2 СМЖ ҰС көшірмелерін сақтау және бөлімшелерге тарату жауапкершілігі КДСД-не жүктеледі.

13.3 ҰС электрондық құжат айналымы жүйесінде электрондық форматта тіркеледі және бөлімшелерге таратылады.

Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау, бекіту және қорғау туралы	 SEIFULLIN UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»КеАҚ
СМЖ ҰС 02.2073-2021 23-тің 16 беті 1 Нұсқа		

А Қосымшасы

Ф.02.2073-01

Дипломдық жұмысқа өтініш формасы (жоба)

_____ (кафедра атауы)
_____ **кафедрасының меңгерушісі**

(Т.А.Ә.)
Білім алушы _____

(Т.А.Ә.)
_____ **курс** _____ **топ**

(коды-атауы)

ӨТІНІШ

Сізден _____ кафедрасында

_____ тақырыбында
(тақырып атауы қаз. / орыс./ ағылш. тілдерінде)
дипломдық жұмысты (жобаны) орындауға рұқсат беруіңізді сұраймын және
ғылыми жетекшілікке _____
(Аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)
_____ тағайындалсын

Білім алушы _____
_____ Қолы _____ (ТАӘ)
« _____ » _____ **202_ ж.**

Ғылыми жетекшінің келісімі: _____
_____ Қолы _____ (ТАӘ)
« _____ » _____ **202_ ж.**

Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Дипломдық жұмысты (жобаны)дайындау,бекіту және қорғау туралы	 SEIFULLIN UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»КеАҚ
СМЖ ҰС 02.2073-2021 23-тің 17 беті 1 Нұсқа		

Б Қосымшасы

Ф.02.2073-02

Дипломдық жұмыстар (жобалар) тақырыптарын және ғылыми жетекшілерді
бекітуге ұсыну формасы

Дипломдық жұмыстар (жобалар) тақырыптарын және кафедраның ғылыми
жетекшілерін бекітуге ұсыну _____

№	Білім алушының аты-жөні	Дипломдық жұмыстың (жобанын)тақырыбы			Ғылыми жетекші (ғалым/академ.дәрежесі)
		каз.	орыс.	ағылш.	

Кафедра меңгерушісі

(кафедра атауы)

(ТАӘ, қолы)

Дипломдық жобаны дипломдық жұмысқа ауыстыруға ұсыныс

№	Білім алушының аты-жөні	Алмастыру	
		тақырып бойынша дипломдық жобаны	тақырып бойынша дипломдық жұмысқа

Кафедра меңгерушісі

(кафедра атауы)


(ТАӘ, қолы)

Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау, бекіту және қорғау туралы	 SEIFULLIN UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»КеАҚ
СМЖ ҰС 02.2073-2021 23-тің 18 беті 1 Нұсқа		

В Қосымшасы

Ф.02.2073-03

Процестің картасы - дипломдық жұмыстардың (жобалардың) тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін бекіту



Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау, бекіту және қорғау туралы	 SEIFULLIN UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»КеАҚ
СМЖ ҰС 02.2073-2021 23-тің 19 беті 1 Нұсқа		

Г Қосымшасы

Ф.02.2073-04

Дипломдық жұмыстарды (жобаларды) рецензенттерге ұсыну формасы

ҰСЫНЫС / ПРЕДСТАВЛЕНИЕ

**Дипломдық жұмыстардың/жобалардың рецензенттерін бекіту туралы /
Об утверждении рецензентов дипломных работ/проектов**

_____ кафедрасының білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың дипломдық жұмыстарының/жобаларының рецензенттері келесі құрамда бекітілсін:

Утвердить рецензентов дипломных работ/проектов обучающихся кафедры _____ по образовательным программам в следующем составе:

Р/ б №	Т.А.Ә./ Ф.И.О.	Жұмыс орны / Место работы	Лауазымы / Должность	Жоғары білім және/немесе ғылыми немесе академиялық дәреже, ғылыми атақ./ Высшее образование и/или ученая или академическая степень, ученое звание.
1	2	3	4	5
_____ білім беру бағдарламасы/ образовательная программа				
1				
2				

Ұсыныс енгізеді:/ Представление вносит:

_____ кафедра меңгерушісі/ заведующий кафедрой _____ (ТАӘ / ФИО)
(қолы/подпись)

<p align="center">Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау, бекіту және қорғау туралы</p>	 <p align="center">SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p align="center">«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»КеАҚ</p>
<p align="center">СМЖ ҰС 02.2073-2021 23-тің 20 беті 1 Нұсқа</p>		

Д Қосымшасы

Ф.02.2073-05

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі, оларды дәстүрлі бағалау шкаласы мен ECTS-ке ауыстыру

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Баллардың сандық баламасы	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау, бекіту және қорғау туралы	 SEIFULLIN UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»КеАҚ
СМЖ ҰС 02.2073-2021 23-тің 23 беті 1 Нұсқа		

**3 Қосымшасы
(міндетті)**

Ф.01.1011-03

Өзгерістерді тіркеу парағы

Парақ нөмірлері				Негіздемеге сәйкес өзгеріс енгізілген хабарлама №	Өзгерістер енгізген жауапты тұлғаның аты-жөні өзгертілген	Өзгерістер енгізген адамның қолы ауыстырылған	Өзгерістер енгізілген күн жаңа
өзгертілген	ауыстырылған	жаңа	жойылған				
1	2	3	4	5	6	7	8
7,8	-	-	-	30.09.2022ж. күннен қызметтік хат	Умарова К.А.		03.10.2022г .
10,11,14	-	-	-	08.11.2022 № 2 Академиялық кенес отырысынын хаттамасы.	Умарова К.А.		09.11.2022г .
7,9,14	-	-		Қызметтік хат № 6585 25.04.2023ж Қызметтік хат №7321 05.05.2023ж	Нурланова. С.Н		12.05.2023 ж

<p align="center">Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау, бекіту және қорғау туралы</p>	 <p>SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p align="center">«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»КеАҚ</p>
<p align="center">СМЖ ҰС 02.2073-2021 23-тің 24 беті 1 Нұсқа</p>		

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--